


**Тәуелсіз Қазақстан
Республикасының құрылуы мен
қалыптасуындағы Тұңғыш
Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі
мен қызметі.**

**Тексерген: Сайлан Болат Санабайұлы
Орындаған: Нысанбай Ерболат**



Нұрсұлтанның әкесі — Әбіш Назарбаев

- Нұрсұлтанның әкесі — Әбіш Назарбаев (1898-1971 жж.) Ұлы жүздің Шапырашты руының Көшек тармағынан шыққан, аймақтың старшинасы әрі қоғамдық биі Назарбай Сапақбайұлының (1901 жылы дүниеден өткен) ұлы еді. Әкесінен ерте айырылған Әбіш 11 жасында дәулетті орыс отбасы Никифоровтарға батырақ болып жалданып, сонда еңбекте шыңдалып, алғашқы кәсіби дағдыға бейімделеді. Әбіштің көптеген басқа құрбы-құрдастарынан бір өзгешелігі — өзінің еңбексүйгіштігі мен білімге деген ынта-жігерінің арқасында орыс тілін үйреніп алады. Жер жырту-ды, диірменді басқаруды, етік тігуді меңгереді, бағбандық пен сауданың әліппесін ұғынады. Мұның өзі оның ортасы үшін мейлінше сирек кездесетін жәйт еді. Сол заманның шектеулеріне байланысты Әбіш білім ала алмаған. Ол үшін де, оның көптеген өзге замандастары үшін де қатал да тиянақты мектеп — өмірдің өзі болды. Жас кезінде Әбіш қара жұмысшы болған, ара-арасында жеке шаруасымен де айналысқан. 1927-1930 жылдары КСРО-ның алғашқы бесжылдығының ірі құрылыстарының бірі — Орта Азияны Сібірмен жалғастырған Түрксіб теміржол торабының құрылысына қатысқан. 1930-шы жылдардың ортасынан бастап Үшқоңыр кеңшарын ұйымдастыруға белсене атсалысқан, ал ол таратылғаннан кейін 1939 жылы Д.А. Фурманов атындағы ұжымшарға кіріп, алғашында сондағы егіншілер бригадасын басқарған. 1940 жылы таудағы қыстаулардың бірінде қоғамдық мал мен мүлікті орттен құтқару кезінде қолын қатты күйдіріп, жарақат алады, бірақ мүгедектігіне қарамастан, ұжымшарда бригадир болып істей береді.



□ Нұрсұлтанның анасы — Әлжан Назарбаева

□ Нұрсұлтанның анасы Әлжан Назарбаева (1904-1977 жж.) Қасық ауылында — қазіргі Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Талапты селосында, Ұлы жүздің Дулат руының Қасқарау тармағынан тарайтын Жатқанбай молданың отбасында туған. Діни әулетке жатқандығы туралы дерек кейінірек оның отбасының кеңестік билік тарапынан құдалауға ұшырауына себеп болған. Алайда, басына түскен ауыртпалықтар мен сынақтарға қарамастан, Әлжан өзінің ақжарқын қалпын сақтай білген, бұл оның әзілқойлығы мен суырып салып ән айтуға деген бейімділігінен де көрініп тұрған. Ол өмір бойы ұжымшарда қатардағы еңбеккер болып жұмыс істеп, үй шаруасымен айналысқан. Нұрсұлтанның ата-анасы Әбіш өз еркімен жалданып прораб болып жүрген, ал Әлжанның отбасы арнайы қоныс аударылғандармен бірге еріксіз жұмысқа салынған сол Түрксіб құрылысының басында танысқан. Әбішпен Әлжан 1934 жылы үйленген. Некелескеннен кейінгі алғашқы 6 жылда олардың балалары болмайды, сондықтан көптен күткен мұрагердің дүниеге келуі шексіз қуанышпен қабылданады да, ізгі ниетті ерлі-зайыптылар мұны өздерінің бір-біріне деген махаббаты, адалдығы мен шыдамдылығы үшін берілген сый деп түсінеді.



Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

www.ZHARAT.com



- Қазақстан Республикасының Президенті
- **НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВ**
- 1940 жылғы 6 шілдеде Алматы облысы Қаскелең ауданы Шамалған ауылында дүниеге келген.
- 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірді. Экономика ғылымдарының докторы.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Халықаралық инженерлік академияның, Ресей Федерациясы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің құрметті профессоры. Беларус ғылым академиясының құрметті мүшесі. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.




- 1960 – 1969 жылдары - Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.
- 1969 – 1973 жылдары – Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.
- 1973 – 1977 жылдары - Қарметкомбинаттың партком хатшысы.
- 1977 – 1979 жылдары - Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-хатшысы.
- 1979 – 1984 жылдары - Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы. 1984 – 1989 жылдары – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.
- 1989 – 1991 жылдары – Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, 1990 жылғы ақпан-сәуір аралығында Қазақ КСР

- 1990 жылдың сәуірінен – Қазақстан Республикасының Президенті.
- 1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш рет Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7%) жеңіске жетті.
- 1995 жылдың 29 сәуірінде жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды.
- 1999 жылдың 10 қаңтарында өткен жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде Н. Назарбаев 79,78% дауыс алып, Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды.
- 2005 жылдың 4 желтоқсанында сайлаушылардың 91,5 процент дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.
- 2010 жылғы 14 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің -Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 298-IV Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы күшіне енді.
- 2011 жылдың 3 сәуірінде сайлаушылардың 95,5 пайыз дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.
- Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы.
- Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы.


- Тәуелсіз мемлекет құрудағы Елбасының рөлі
- Тәуелсіздігімізді алып, егемендігімізді бекіткеннен кейінгі еліміздің дамуы,оның әлем алдындағы беделінің өсуі Елбасы бастаған қазақ халқының қажырлы еңбегі екені баршамызға аян. Ғасырларға созылған мемлекеттіліктің даму эволюциясында ең ерекше заңды факт, ол Елбасының Қазақстанды халықаралық құқықтың субъектісі ретінде дүние жүзіне танытуы. Әрине тәуелсіздігін қайта жаңғыртқан қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының алғышарттары да тереңде жатыр.



Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда – тәуелсіздіктің көк туы. Елтаңбамызда – бар халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз. Арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар! Лайым бетімізден жарылқасын! Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүрсін!



*Нұрсұлтан Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті*




Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын Қазақстан Республикасының Президенті ұсынып, оны халық 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылдады. Республикалық референдум қорытындыларының ресми түрде жариялануы Конституцияның 1995 жылғы 5 қыркүйектен бастап күшіне енуіне байланысты.

*Қазақстан Республикасының Конституциясы.
Бұл қазақша, орысша, ағылшынша*

—

үш тілдегі кітаптар.



«Желтоқсан 86» жинағының «Ұлт теңдігі көтерілісі» деп аталатыны бірінші кітабында желтоқсан көтерілісіне қатысты мерзімді басылымдарда жарияланған деректер мен дәйектер, көтерілістің Республика аймақтарында шарпығандығын айғақтайтын деректер және көтеріліске қатысты зиялылардың айтқан сөздерімен сараптамалары беріліп отыр. 18-19 ғасырлардың қасіретті де қастерлі шежіресінен бейхабар болмас үшін, әсіресе жас буын, жаңа ұрпақты тарихи тұрғыдан тәрбиелеу мақсатында алаш тақырыбына басқаша қырынан қарап, жазған-тергенімізді оқырман назарына ұсынуды жөн деп таптық.





*Еліңнің ұлы болсаң, еліңе
жаның ашыса, азаматтық
намысың болса, қазақтың
ұлттық жалғыз
мемлекетінің нығайып
көркеюі жолында жан
теріңді сығып жүріп еңбек
ет. Жердің де, елдің де иесі
өзің екенін ұмытпа!*



*Егер біз мемлекет болып
тұрғымыз келсе, өзіміздің
мемлекеттігімізді ұзақ
уақытқа меңзеп құрғымыз
келсе, онда халықтың
руханиятының
бастауларын түсінгеніміз
жөн*


Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Әбішұлы Назарбаев*


Нұрсұлтан



*Қазақстан
Республикасының Тұңғыш
Президенті Нұрсұлтан
Әбішұлы Назарбаевтың
әлемдік бейбітшілікке
бағытталған жаһандық
сипаттағы қызметтері
жан-жақты сарапталған
бұл жинақта Еуразия
кеңістігіндегі 9
мемлекеттің заялы
қауым өкілдерінің
мақалаларымен
топтастырылған.*



Кітапта Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың фотосуреттері жинақталып оқырман алдында Елбасы ретінде ғана емес, өз елінің отан сүйгіш патриоты ретінде көрсетілген. Бұл кітапта Елбасының Отанына, жеріне, еліне, мекеніне, ұлттық дәстүріне, ұлттық тәрбиесіне, халқына деген сүйіспеншілігін жеткізетін дәйексөздері жазылған.





*Кеңес Одағы (СССР) кезеңінде
Қазақстан Республикасы
ядролық қару жөнінен
төртінші орында болатын.
Елбасының көрегенділігінен , өз
халқына деген сүйіспеншілігінен
Қазақстан Республикасын
ядролық қарусыз ел атандырды.*

*Қазақтың өзіндік ұлттық
қасиеттерінің
қалыптасуына қамқорлық
жасау – менің
Президенттік те,
перзенттік те парызым.*

Нұрсұлтан Назарбаев



Президент Нұрсұлтан Назарбаев ЕҚЫК отырысында. Хельсинки, 1992 ж. 8-10 шілде. Отырысқа қатысу шеңберінде Қазақстан Президенті 1975 жылғы ЕҚЫК Хельсинки Қорытынды актісіне қол қойды



Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ЕҚЫҰ Саммитінің ашылуы кезінде, Астана, 1 желтоқсан 2010 ж.




2010 жыл Қазақстан Республикасы үшін өте маңызды жыл болды. Жылдың 365 күні жас мемлекетімізді әлемге әйгілі етті. 11 жыл өткізілмеген ЕҚЫҰ ел басшыларына Астана саммиті әлем еліндегі жаңа дәуірдегі Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тарихындағы жаңа дәуірдің бастамасы болды.



Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетіміздің нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр




Қасымбеков М. Елін сүйген, елі сүйген Елбасы [Мәтін] / М. Қасымбеков. Астана: Елорда, 2005. - 200 бет+2 б.т. жапсырма




Жекелеген сұхбаттар мен очерктерден тұратын бұл кітапта Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың елімізді басқаруда атқарған ұлан-ғайыр істері, саясаткер, адам және азамат ретіндегі кейбір қырлары сөз болады.

Әлімқұлов Қ., Қасымбеков М. “Нұрсұлтан деп ат қойдым...”
[Мәтін] / Қ. Әлімқұлов, М. Қасымбеков. - Алматы: Өнер, 1997. - 272 бет.



*Кітапқа Қазақстан
Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаевтың құрметіне
балаларының атын
Елбасының есімімен атаған
азаматтардың жүрекжарды
лебіздері мен ой-пікірлері
арқау болған.*

Бекниязов Т. Тұңғыш Президент: өлеңдер мен поэма [Мәтін] /
Т. Бекниязов. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 262 бет.



Т. Бекниязовтың бұл жинағында өлеңдері мен поэмасы берілген. Ақынның тәуелсіз еліміз туралы ой-толғамдары мен Елбасыға арналған көлемді туындысында замана және ұлтымыздың жарқын болашағына деген зор сеніммен жыр тербелген.

Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болуы тиіс.

Нұрсұлтан Назарбаев





*Біз ұлы жолға шықтық,
арманды сапарға аттандық.
Қолымызда – Тәуелсіздіктің
көк Туы , Елтаңбамызда – бар
халықтың басын біріктіретін
киелі шаңырағымыз,
арманымызды алға апарар
қанатты пырақтарымыз бар.
Ылайым, бетімізден
жарылқасын! Үлкен жолдың
үстінде бізді ата-
бабаларымыздың аруағы
желеп-жебеп жүре берсін!
Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаев*

Әлем басшылары және Елбасы

